# Білім: Сіз балаңызға бере алатын ең үлкен сый

Haileybury Astana




COBIS

Cambridge Assessment International Education
Cambridge International School

ib
COLEGIO DEL MUNDO • WORLD SCHOOL • ECOLE DU MONDE

CIS WE ARE AN ACCREDITED SCHOOL

“Біз оқудағы жетістіктермен қатар, мінез, төзімділік және көшбасшылыққа тең көңіл бөліп, жан-жақты білім береміз”.

Джон Коулз
Haileybury Astana директоры

# Haileybury Astana-ға қош келдіңіз



Haileybury Astana беретін білім оқуда жетістіктерге ұмтылып, сабақтан тыс кең ауқымды шараларға қатысу арқылы өзін қалыптастырып, бақытты әрі талапты қауымдастығымызға құнды үлес қосқысы келетін дарынды қыздар мен ұлдарға мүмкіндіктер әлемін ұсынады.

Haileybury-дегі білім көрнекті ұстаз қамқорлығына негізделген. Әр қадамымыздың түбінде жатқан тәрбиелік орта Haileybury-ліктердің ерекше болмысын қалыптастыруға көмектеседі.

Мақсатымыз — қыздарымыз бен ұлдарымыз жаһанның бәсекелі еңбек нарығында өркендейтіндей Haileybury-ден өмірлік әрі академиялық машықтармен қаруланып түлеп шыққаны.

Мектеп Haileybury UK және Haileybury Almaty-мен тығыз байланыста болғанын мақтан тұтады: дәстүрлеріміз бен құндылығымыз бір. Біз Астанадағы жергілікті қауымдастыққа жасаған қызметімізді мақтан тұтамыз. Жасасын Haileybury!



**Джон Коулз**
Haileybury Astana директоры

"Мектеп директорының Haileybury Astana жайлы сөзі" видеосын YouTube-тен көріңіз

# Haileybury Astana мектебінің Жаңа Ғылыми-Техникалық орталығы

2025 жылдың қазан айында Haileybury Astana мектебі Verny Capital компаниясының қолдауымен жаңа Ғылыми-Техникалық орталықтың ашылуын жариялайды. Бұл – ғылым, технология, инженерия және математика пәндерін біріктіретін заманауи білім беру кеңістігін дамытудағы маңызды қадам.



YouTube желісінен “New Sci-Tech Hub at Haileybury Astana” бейнероликін қараңыз





Бұл орталық оқушыларға пәнаралық жобалармен айналысып, жаңашыл ойлау мен шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Мұнда 3D-баспа, прототип жасау, робототехника және ғылыми тәжірибелер жүргізуге арналған озық құрал-жабдықтармен жабдықталған заманауи зертханалар бар.




Орталықтың ішкі құрылымы оқушылардың зерттеушілік дағдыларын, сыни ойлауын және шығармашылық қабілетін дамытуға бағытталған. Мұнда оқушылардың оқу процесіне белсенді қатысуына және болашақта қажет болатын практикалық дағдыларды қалыптастыруына жағдай жасалған.

Haileybury Astana мектебінің Ғылыми-Техникалық орталығы жай ғана оқу кеңістігі емес. Бұл жерде оқушылар білімді тұтынушылар ғана емес, олар оны жасау үдерісіне белсенді қатысады.

Орталықтың әрбір аймағы пәндердің өзара байланысын көрсететін, жан-жақты әрі қызықты білім беру тәжірибесін қамтамасыз етуге мұқият жобаланған.

Бұл орталық STEM бағыты бойынша заманауи білім берудің маңызды бөлігі саналады. Ол оқушыларды жоғары білім мен болашақ кәсіби өмірге дайындай отырып, ойшыл және өнертапқыш жаңа буынды тәрбиелеуге бағытталған.







“ Балаңыздың жаңа білім көкжиектерін қызығушылықпен зерттеп, болашақ көшбасшылар мен жаңашыл тұлғалар тәрбиеленетін ортада дамып жатқанын көру – шабыттандырады”.

Haileybury Astana мектебінің ата-анасы

# Алғашқы жылдар

Early Years Foundation кезеңі балаңыздың білім жолының ең мықты іргетасын қаламақ. Haileybury Astana ерте жастағы балалардың жеке даму қажеттіліктері мен қызығу-шылықтарына көңіл бөледі.

Біздің дарынды ұжым, мұғалім мен оқушы санының тамаша үйлесімі және керемет оқу ортасы балалардың мектеп өміріне тез бейімделуіне зор септігін тигізбек.








# Balaңыз Haileybury Astana-дағы білім жолын неғұрлым ерте бастаса, соғұрлым жақсы.

Балалар күні бойы ағылшын тілінің тартымды ортасына еніп кетіп, тілін жағынан да, жеке әрі әлеуметтік қарым-қатынас жағынан да жақсы дамиды.

YouTube желісінен "A Day in the Life in the Reception Class" бейнероликін қараңыз


Haileybury




> “Осындай бақытты, қамқор балаларды көріп, олардан қандай жақсы адам шығатынын түсінесіз, балаларыңызға бұдан артық не керек”.

Баласы Haileybury Astana балабақшасында оқитын ата-аналардың бір



# Бастауыш мектеп

Haileybury Astana-da біз әр баланың жеке таланттары бар деп сенеміз, оларды танып, дамыту керек. Бағдарламамыздың арқасында оқу прогресшіл, тартымды өтіп, өзіне сенімді, тәуелсіз әрі өмір бойы білімге құштар тұлғаларды қалыптастырады.

Youtube-те "Haileybury Astana бастауыш мектебі" видеосын көріңіз

“Мектепте нақты оқу жоспарлары бар. Оқу бағдарламасы терең, кең ауқымды әрі үйлестірілген. Факультет аймақтарында жанды дисплейлері бар көптеген қызық әрі өзекті үйірмелер бар”.

FOBISIA инспекциясы

Біздегі сабақтан тыс үйірмелердің (CCA) кең ауқымы әр балаға әуестіктерін өрбітуге немесе бақ сынап жаңа нәрселерді көруге жол ашады. Оқушыларға әр баланың өсіп-өркендеуіне мүмкіндік беретін қауіпсіз әрі тәрбиелі ортада жақсы қолдау көрсетіледі.





“Оқушылардың жетістіктері мен білім алуының сапасы керемет”.

COBIS мектеп инспекциясы



Youtube-те "Haileybury Astana бастауыш мектебі" видеосын көріңіз




“Мұғалімдер мен қызметкерлер оқушылардың оқуы мен денсаулығын қолдау үшін сыныпта да, одан тыс та қарым-қатынас пен күш-жігердің тамаша деңгейін көрсетед”.

CIS/NEASC есебі



# Ағалық қамқорлық

"Басшылық, мұғалімдер мен қызметкерлер оқушылардың кімдігін, субъектілігін және көшбасшылығын дамытады. Оқушылар өз мектебі үшін жауапты көшбасшы екенін сезінуіне әсер етеді".

CIS/NEASC есебі




Haileybury Astana-да біз өзіне сенімді балалар табысты оқушы болады деп сенеміз.



Мұнда, Haileybury Astana-да біз жоғары сапалы білім ғана емес, денсаулыққа да тамаша қолдау көрсетеміз.

# Жоғары мектеп

## Қонақжай, жылы әрі қолдауға толы ортамыздағы ағалық қамқорлық ісіміздің негізінде жатыр.






7-9 сынып оқушылары Халықаралық британиялық оқу жоспарымен оқиды. 10-11 сыныптарда (14–16 жас) оқушылар IGCSE (Орта білім туралы халықаралық жалпы сертификат) деген қоғамдық емтихан курстарына көңіл бөледі. Бұл 16-18 жас аралығындағы оқушыларға IB (Халықаралық Бакалавриат) бағдарламасына түсуге дайындалуға көмектесетін қиын ағылшын тіліндегі емтихандар.




“Қызметкерлер оқушыларды өте жақсы біледі және олардың амандығына аса мән береді”.

CIS мектеп инспекциясы



Youtube-те "IGCSE тамаша нәтижелер" видеосын көріңіз.






> “Haileybury Astana маған шетелде білім алу және жаңа тәжірибе іздеу машықтары мен сенімділік берді”.

Haileybury Astana түлегі



# Алтыншы сынып: Халықаралық бакалавриат

Халықаралық бакалавриат дипломы бағдарламасы (IBDP) — 16 мен 18 жас аралығындағы оқушыларға арналған әлемге әйгілі бағдарлама.



Youtube-те "IB оқушыларының өмірі: Не күттік vs Не алдық" видеосын көріңіз





## IBDP мынадай оқушыларға даму мүмкіндігін береді:

- Білімінің ауқымы кең әрі терең;
- Физика, зияткерлік, эмоция және этика тұрғысынан өсуге құштар;
- Кем дегенде екі тілді меңгеретін;
- Дәстүрлі оқу пәндерінен озат;
- Бағдарламаның бірегей білім теориясы курсы арқылы білім табиғатын зерттейтін.



# Сабақтан тыс үйірмелер (CCA) — Haileybury өмірінің маңызды бөлігі



"Кемел баланы" тәрбиелеп шығару — біздің британиялық халықаралық мектеп құндылықтарының негізі. Үйірмелер бірқатар арнаулы спорттан жаттықтыру, клубтар және оқушылардың жаңа іс-әрекеттерді көру мүмкіндіктерін қамтиды.



# Спорт




Спорт – Haileybury өмірінің діңгегі; ол ұйымшылдық пен көшбасшылықты, сондай-ақ физикалық, техникалық және психикалық ынталандыру арқылы сенімділік пен төзімділікті шыңдайды.



Haileybury Astana-да біз түрлі жастағы және даму кезеңіндегі оқушыларға арналған кең ауқымды спорт шараларын ұсынамыз. Haileybury Astana спорт кешені оқушыларға тамаша жағдай жасайды, ішінде 25 метрлік жабық бассейн, жаттығу залы, спортзал, би және сахналық өнер студиясы бар.



“Балам теннис, жүзу, футбол, волейбол және т.б. спорттан барлық негізгі машықтары мен терминологиясын қалыптастырды; әрі бәрі көңілді, жағымды, ойын түрінде ұсынылды”.

Haileybury Astana-да баласы оқитын бір ата-ана




Bartle Frere

# Maker Space және робототехника зертханасы

Maker Space және робототехника зертханасы оқушыларды келешектің еңбек нарығына дайындайды. Maker Space және робототехника зертханасы оқушыларымызға оқудың осы екі саласындағы заманауи ресурстарға қол жеткізу мүмкіндігін ұсынады. Haileybury Astana-да біз оқу жоспарымыздың үздік тұстарын зертхана бағдарламасымен біріктіреміз.





Біздің мақсатымыз — Haileybury оқушыларының қажеттіліктеріне сай заманауи, тұрақты, технология тұрғысынан жетілдірілген, сұранысқа негізделген және динамикалық Maker Space пен робототехника зертханасын құруға мүмкіндік беру.






Maker Space Haileybury оқушыларына STEAM білім және инженерлік дизайн тәжірибесіне қол жеткізу мүмкіндігін береді.





# Драма және Музыка

Haileybury Astana-да аспап және ән үйірмелерінен драма үйірмелері мен мектеп қойылымдарына дейін әр оқушыға жағатын бір ермек табылады. Орындаушылық өнерге жасалған жағдай таңғалдырмай қоймайды; Бізде театр, кең залдар және дыбыс жазу студиясы, сахналық өнер залы және үш оқыту аймағы бар.



Theatre Production

Біз барлық оқушымыздың арасында өте танымал перипатетикалық музыка бағдарламасын ұсынамыз.





THE DUKE OF EDINBURGH'S
INTERNATIONAL AWARD

# Эдинбург герцогінің халықаралық жүлдесі



## Шекарасы жоқ жүлде

Біз Эдинбург герцогінің халықаралық жүлде схемасын (IA) алып келгенімізді мақтан тұтамыз. Бұл 14 пен 25 жас аралығындағы барлық жастарға арналған жеке тұлғаны дамыту бойынша шаралар бағдарламасы. Ол шығу тегіне қарамастан бәріне ашық және әрбір қатысушыға бақ сынап көріп, өзін тани түсуге мүмкіндік береді.



*Асы-түрген обсерваториясы*
*Алматы облысы, Қазақстан*



*Y11 Алматы облысы*



# IB нәтижелері және еншіміздегі университеттер

## Біздегі IB дипломының 2025 жылғы орташа балы 34 құрады. Әлемдегі орташа көрсеткіш 30 болды.







Өтініш формасын толтырыңыз

# Түсу процесі

## Сіздерді келіп, оқушыларымыз үшін Haileybury Astana неге сондай ерекше орын екенін көруге шақырамыз.

1 Сайттағы қабылдау туралы сауалнаманы толтырыңыз.

2 Біз сізді мектеп туры мен кеңесу сессиясына тіркейміз.

3 Өтінім формасын толтырып, өтінім білдіру жарнасын өтеңіз.

4 Балаңыз мектепке қабылдану бойынша сынаққа шақырылады.

5 Балаңыздың қазіргі мектебіндегі жылдық қорытындық бағаларын тапсырыңыз.

6 Іріктелген оқушыларға бір орыннан тағайындалады, оған кепілдік ретінде депозит өтеу керек болады.

79 Ұлыбританияда білім алған мұғалім

731 оқушы (2025-2026)

52 елден жиналған құрам

“Haileybury Astana-ға алғаш келгенімде, мұндағы қолдау деңгейі ұнаған”.

Haileybury Astana оқушысы






YouTube желісінен “Haileybury Day 2024: Together we are Bigger, Better, Best” бейнеролигін қараңыз

# Бізге хабарласыңыз

Біз жайлы көбірек білгіңіз келіп кетті деп үміттенеміз.

Келіп көргіңіз келсе, admissions@haileyburyastana.kz мекенжайы бойынша біздің. Қабылдау тобына немесе +7 (777) 522 45 15.

Алдағы ашық іс-шараларымыздың күндерін білу үшін сайтқа өтіңіз: www.haileybury.kz

Сізді қуана-қуана қарсы аламыз!

“Жалпы, FOBISIA-ға қосылу Haileybury Astana-ға кәсіби даму мүмкіндіктерінен бастап сапаны қамтамасыз ету және нетуоркингке дейін бірқатар артықшылық береді. Бұл Азияда британиялық үлгідегі жоғары сапалы білім беруге ұмтылған мектебіміз үшін өте керемет”.

FOBISIA инспекциясы

Haileybury Astana

Haileybury Astana білім берудің барлық аспектінде қауіпсіздікке басымдық береді.

---

hbastana

haileyburyastana

haileybury-astana

HaileyburyAstanaOfficial

HaileyburyAstana

Haileybury Astana




# Келешек көшбасшыларды қалыптастырамыз